

## Жамбыл облысын газбен жабдықтау бағдарламасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 27 шілдедегі N 839 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.*

Республиканың оңтүстік өңірін газбен жабдықтауды жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі ұсынған "Жамбыл облысын газбен жабдықтау бағдарламасы" мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігімен бірлесіп, Жамбыл облысында газ кендерін, оның ішінде Айрықты, Анабай, Солтүстік Үшарал, Үшарал, Кемпіртөбе газ кендерін "Досбол" бірлескен кәсіпорнымен бірге барлау, игеру және өндіру үшін халықаралық тендер өткізсін, сондай-ақ газ кендерін іздеу объектілерін анықтасын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Жамбыл облысындағы газ кен орындарын барлау, игеру және өндіру жөніндегі жобаны жүзеге асыру үшін валюта қаражатын тарту туралы мәселені сырт инвесторларымен бірге пысықтасын.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шет ел инвесторлары жөніндегі Ұлттық агенттігі Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен және Жамбыл облысының әкімшілігімен бірлесіп, Амангелді газ кен орнын "Досбол" бірлескен кәсіпорнының күшімен игеру және пайдалануға беру жобасын әзірлеп, белгіленген тәртіппен Шетелдік кредиттер комиссиясының қарауына енгізсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

